

Диссертациялық кеңестің 2019 жылғы жұмысы туралы есеп

Қазақ спорт және туризм академиясы
«6D090200 – Туризм» мамандығы бойынша
(мамандар даярлау бағыты бойынша)
Диссертациялық кеңес «6D090200 – Туризм»

1. Өткізілген мәжілістердің саны туралы деректер. Диссертациялық кеңесте есеп беру кезеңінде философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияны алдын ала қарастырумен қорғау бойынша 2 мәжіліс жүргізілді.

2. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің мәжілістің жартысынан азына ғана қатысқандардың, аты-жөні, тегі (ол болған жағдайда). Жок.

3. Оқу ұйымы көрсетілген докторанттар тізімі. Диссертациялық кеңес есеп беру кезеңінде докторант Г.А. Құлахметованың ісін қарады, диссертациялық жұмыс Қазақ спорт және туризм академиясының туризм және сервис кафедрасында орындалған.

4. Кеңес есеп беру кезеңінде қарастырған диссертацияларды қысқаша талдау, төмендегідей бөлімдер жеке қарастырылды:

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау; Диссертациялық кеңес есеп беру кезеңінде бір диссертациялық істі қарады. Ол докторант Г.А. Құлахметованың «Туризмді тұрақты дамыту жолындағы Қазақстан өңірлерінің Ұлы Жібек жолындағы басым нысандары» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысы.

Ғылыми кеңесшілер: Имангулова Татьяна Васильевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; Никитинский Евгений Сергеевич - педагогика ғылымдарының докторы, профессор; Чианг Лианг - менеджмент бойынша доктор, Тяньцзин Қаржы университетінің профессоры, Қытай Халық Республикасы.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы құрастырған ғылымды дамыту бағыттарымен тығыз байланысы: Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың өзекті бағыттарын айқындайды, "Қазақстан-2050" Стратегиясы», Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаевтың "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту", "Рухани Жаңғыру", "Туған жер", "Киелі география", "Ұлы даланың жеті қыры" сияқты мемлекеттік бағдарламалардың дамуы бағытын қарастырады.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейінің сараптамасы. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы ҚР Тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы» бойынша «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» жолдауын іске асыруға көмектеседі, оның ішінде "Туған жер", «Киелі география» бөлімдері және "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласында айқындалған жобалар ерекше орын алады. Бұл Қазақстан аумағында туристік қызметтердің сапасын арттыруға,

сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде "Жаратылыстану", "География", "Тарих" пәндері бойынша білім сапасын арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқу-педагогикалық үдеріске "Туризм" білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарында "Қазақстан Республикасында туризмнің тұрақты дамуының теориясы мен практикасы" оқу құралын, "Ұлы Жібек жолы бойынша Қазақстанның 130 кереметі" анықтамалық-жолсілтегішін (үш тілде), "Ұлы Жібек жолы бойынша Қазақстанның 130 кереметі" кешенді оқу бағдарламасын және ArcGIS геоақпараттық жүйесін пайдалана отырып, интерактивті карта-сызбаны енгізуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу материалдары Жалпы білім беретін мектептердегі, ЖОО-ғы, туристік компаниялардағы, туризм және қонақжайлылық саласындағы ведомстволық бағынышты ұйымдарда, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған, сондай-ақ туризм бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінде іс-жүзінде қолданылуы мүмкін.

5. Ресми рецензенттердің жұмысының сараптамасы (сапасыз пікірлерді есепке ала отырып). Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде Диссертациялық кеңес ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған талаптарды басшылыққа алды. Туризм саласында елеулі үлес қосқан ғалымдар рецензенттер ретінде бекітілді.

Ресми рецензенттер ретінде сөз алғандар:

1. Абдиманапов Бахадурхан Шарипович – география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

2. Асипова Жанна Медеуовна –PhD докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ рекреациялық география және туризм кафедрасының м.а. доцент.

Рецензенттер өз кезегінде докторанттың жұмысын әділ бағалай отырып, өз ұсыныстары мен ескертулерін ұсынды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар. Туризмді дамыту туралы мәселені ұлттық деңгейге көтерумен байланысты туризмді ғылыми зерттеу, киелі география, геодезия және картография саласындағы– "Туризм" мамандығы бойынша ҚазСТА-ның докторантурасы мен магистратурасына түсуге арналған гранттар санын көбейту мәселелері өзекті болып отыр.

7. Мамандықтар бөлінісіндегі (кадрларды даярлау бағыттары) бейіні бойынша доктор, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны:




		6D090200 – «Туризм» мамандығы
корғауға диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындары докторанттарынан)	қабылданған	1
қарастырудан алынып тасталған		0

диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындары докторанттарының)	
рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындары докторанттары)	0
корғау қорытындысы бойынша теріс шешім алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан докторанттары)	0

Диссертациялық Кеңес төрағасы  Т.В. Имангулова

Диссертациялық Кеңестің ғалым хатшысы  Л.И. Шалабаева



Қолын:  Т.В. Имангулова
 Растаймын кадр бөлімі бастығы  Л.И. Шалабаева
 Подпись:  Ф.М. Бекимбекова
 Заверяю нач. ОК